

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы № 1130 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 956 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы № 1130 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 42, 538-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ережеде:

1 б - т а р м а қ т а :

1) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының халқы мәдениетінің дамуы үшін жағдайлар ж а с а у ; » ;

алтыншы абзац алынып тасталсын;

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«дарынды жастарды және перспективалық шығармашылық ұжымдарды іздестіруге және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;»;

отыз сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәдениет және өнер қайраткерлеріне құрметті атақтар мен мемлекеттік наградалар беру, Қазақстан Республикасының шығармашылық ұжымдарын марапаттау туралы ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ; » ;

отыз тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

алпыс үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ұлттық телерадио хабарларын тарату операторының қызметін еркін қолжетімді теле-, радиоарналарын таратуды қаржылай қамтамасыз ету бөлігінде үйлестіру (цифрлық эфирлік және спутниктік телерадио хабарларын тарату, сондай-ақ ұқсас телерадио хабарларын тарату арқылы);»;

мынадай мазмұндағы жетпіс үшінші және жетпіс төртінші абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«мәдениет саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және
әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;
Министрліктің кадр саясатында гендерлік теңдік қағидаттарын сақтауды
қ а м т а м а с ы з е т у ; » ;

2) тармақшаның он бірінші абзацы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С.Ахметов*